



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Қорыта айтқанда, манипуляцияның ақпараттық қақтығыс кезінде қолданылу жағдайлары қоғамда трансформацияға ұшырап отыр. Осындай трансформацияның саяси салдар халықаралық қатынастарға тікелей әсер етеді. Сонымен қатар мәселеленің құқықтық, психологиялық, әлеуметтік тұстары болатынын тарау басында айтып өттік. Киберкеңістіктегі ақпараттық қақтығыстар кезіндегі манипуляция қолдану ережелері елімізде болмағанымен, осы саланы реттейтін халықаралық құқық пен мемлекеттердің жекелеген нормалары ғана жұмыс істейді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Эстония призывает НАТО ответить на кибератаки Рос-сии // Известия, 14.05.2007 (<http://www.izvestia.ru/news/399277>)
2. Спецслужбы КНР и РФ поддерживают кибератаки на США – доклад разведки // РИА «Новости», 03.11.2011 (<http://ria.ru/technology/20111103/480000702.html>)
3. Пентагон объявил о создании Кибернетического командования // Lenta.ru, 24.06.2012
4. Арестова О.Н., Бабанин Л.Н., Войскунский А.Е, «Мотивация пользователей интернета». Москва, – 28 б.
5. Зелинский С. А., «Информационно-психологическое воздействие на массовое сознание». Издательско-Торговый Дом «СКИФИЯ», 2008. – 280 б.

УДК.Ә.458.1

### ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әліпбекова Салтанат Дулатқызы

*[alipbekova\\_s@mail.ru](mailto:alipbekova_s@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Е. Тапанова

ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» және «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деп атап өткеніндей, бүгінгі таңда ұлттық құндылықтың өлшемі қазақтың ұлттық салт-дәстүрі екені сөзсіз. Қоғамда оны жаңғырту үшін ең алдымен қазақтың салт-дәстүрлерінің негізін, теориясын берік қалаған жөн.

Халқымыз ежелден өз ұрпағын адамгершілікке, инабаттылыққа, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеуді ең басты мақсаты санаған. Сондықтан ата-бабамыз көшіп-қонып жүріп-ақ ұрпақ қамын жеп, оның болашағына жеткілікті мән берген. Сонау “Жеті жарғыдан” бастап ата-салт, әдет-ғұрпымыз бұған дейінгі талай ұрпақ үшін теңдесі жоқ, тәрбиелік маңызы зор адамгершілік кодексіміз болды. Оған айғақ шетел оқымыстылары, ойшылдары біздің салт-дәстүрімізге ерекше назар аударып, зерттеп тамсана жазған.

Әдет-ғұрып пен дәстүрді идеалды форма ретінде түсіндіру Маркстік философияға дейін үстемдік еткен көзқарас болды. Капитализмнің дамуына байланысты археология, антропология, этнография, географиялық жорықтар мен жаңа ашылулар аймақтарында қарқынды зерттеулер жүргізіліп, дәстүр мен әдет-ғұрып этнографияның, этиканың, лингвистиканың, өнертану, әдебиеттанушы ғылымдарының зерттеу нысанына айналды.

А.Ампер өзінің “Философиялық ғылымдар тәжірибесі” еңбегінде адамзат білімін табиғи классификациялауды бере отырып, ұлттың заңы мен әдет-ғұрпын қарастыратын ғылымды этнодицей деп ұсынады.

1945 жылы Қазақстанда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология, этнографиялық институттың ашылуына байланысты қазақ ұлтының тарихын, мәдениетін, тынысын зерттеу дұрыс жолға қойыла бастады. Ол кездегі ғалымдар Х.Арғынбаев, И.Захаров, М.Мұқанов, Ө.Жәнібеов, С.Ақатаев т.б. қазақ ұлты туралы этнографиялық білімді кеңейтуге атсалысты. Ал бүгінгі таңда қазақ мәдениетінің этнографиялық, философиялық, мәдени аспектілері бойынша Н.Масанов, Н.Шаханов, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады. Бұл жинақталған білім көздері, зерттеулер, саралаулар ұлт ұрпағын тәрбиелеуде қолдануды қажет етеді.

Салт ұғымына Қазақ Совет энциклопедиясында “Салт – халықтар кәсібіне, сеніміне, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр. Уақыт озған сайын оған жаңалық еніп, өзгеріп қоғамдық болмыс принципіне бейімделіп отырады. Ал жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері жаңа жағдайға ілгері дамиды” деп анықтама берілген[1].

Ал, дәстүр ұғымына келетін болсақ, бұл көп мағыналы ұғым. Оған әр түрлі сөздіктердегі анықтамалар дәлел. Сондай-ақ, ол – педагогикалық, психологиялық, философиялық, этнографиялық зерттеулердің де өзегі.

Қазақ Совет Энциклопедиясында “Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа көшетін, тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің негізі” делінсе, философиялық сөздікте “Дәстүр – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және т.б. қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік – мәдени мұра элементтері” делінген[1].

Кейбір зерттеушілер дәстүрге әр түрлі әрекет формасы арқылы анықтама беруге тырысады. Е.Попов “дәстүрді сананың спецификалық жағдайы” деп қарастырса, И.Петров “тарихи дамудың нәтижесінде пайда болған мінез-құлық нормасын, ой мен әрекет бейнесін белгілеген үлкен қоғамдық құндылық және ол өскелең ұрпаққа тапсырылуы қажет” дейді [2].

Дәстүр – адамзат есіндегілерді және әлеуметтік тарихи тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші және жинақтаушы. Дәстүрде бірнеше ұрпақтың мәдениеті мен мәдениеттілігінің көптірлігі және бірлігі жинақталған. Дәстүр қоғамдық өмірдің барлық саласын, тәжірибесін қамти отырып қоғамның әр деңгейіндегі ақылды даналықты бейнелейді.

Дәстүр әр қырынан әр түрлі аспектіде қарастырылатындықтан және әр түрлі ғылымның зерделеу нысаны болғандықтан дәстүр классификациясы да әр алуан. Мәселен, Д.Зеленин дәстүрді аймақтық (территориялық), ұлттық, отбасылық деп жүйелесе, Е.Белоусова дәстүрді жалпы әлеуметтік – саяси, діни экономикалық, халықтық – ұлттық, отбасылық, ұжымдық, мемлекеттік – патриотизмдік, еңбектік, ерліктік деп жүйелейді.

Сонымен, дәстүр ұғым ретінде мәдениеттің маңызды категориясының бірі және ол дәстүр оқу-тәрбие үрдісінің құралы да.

Салт пен дәстүрдің айырмашылығы неде дегенге келсек, салт адам өмірінің күнделікті тіршілігінде жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жол-жора, рәсім, заңдарының жиынтығы.

Ал дәстүрлердің өрісі салттан әлдеқайда кеңірек. Дәстүр қоғамдық сананың барлық салаларымен байланыста дамыған, топтасқан қауымның қалыптасқан бірінғай көзқарасын, әдет-заңын марапаттайтын ритуал. Дәстүр идеологияға жақындау да, ал салт қоғамдық психологияға жақын.

Салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдени тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, о дүниеге аттанып кеткенше құндақтайтын, тербететін алтын бесігі іспеттес.

Енді, осы дәстүрлердің бөліктерін қарастырайық, оған жататындар:

А) дәстүрлердің мазмұндарында қоғамдық-экономикалық қарым-қатынастардың белгілері болатындығында;

Ә) дәстүрлердің белгілі бір дәуірдің қоғамдық-экономикалық қарым-қатынасын бейнелейтін идеялардан тұратындығы;

Б) арнайы адамдар тобына ғана тән даралық қасиеттерді (темперамент, мінез-құлық т.б.) көрсететін дәстүрлердің айырмашылықтары.

Аталған дәстүрлердің элементтерінің мазмұны – салт пен ғұрыптар арқылы беріледі. Яғни салттар мен ғұрыптар дәстүрлердің нақты іс-әрекеті ретінде қабылданып, дәстүрлердің (структуралық) түрлерін анықтауға қол жеткізеді.

Дәстүрлердің құрылымдарына тоқталсақ, оларға:

1. Дәстүрлер бірлігін анықтайтын мазмұн;

2. Салттар мен ғұрыптар дәстүрлер элементтерінің түрлерін жалғастыратындығы;

3. Ішкі сенімнен тұратын мотивке негізделген салт пен ғұрыптардың қимыл, іс-әрекеті арқылы дәстүрлерден көрініс табуы.

Дәстүрлердің атқаратын жалпы және жеке қызметтерін талдай келе, жеке қызметінен жалпы қызметтің ерекшелігі – дәстүрлер мәнінің белгілі бір нақты тарихи жағдайлармен анықталатындығында. Дәстүрлердің жалпы қызметін атап айтсақ:

А) өзгермелі және үнемі даму үстінде болатын қарым-қатынаста тұрақтылықты қамтамасыз ететіндігі;

Ә) адамдар қарым-қатынасын ретке келтіру қызметі;

Б) адамдардың біріккен іс-әрекетін ұйымдастыру қызметі;

В) әлеуметтік тәжірибені сақтау және келесі ұрпаққа жеткізетін қызметі;

Г) адамдарды әлеуметтендіру қызметі;

Д) тәрбиелік қызметі.

Дәстүрлердің қызметін талдай келе, олардың қоғам дамуындағы рухани және материалдық өміріндегі алатын орны, адамның дүниетанымына тигізетін ықпалы болатындығына көз жеткіземіз.

Бұдан шығатын пікір ұлттық салт-дәстүрлер белгілі бір халықтың адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлықтарын, рухани және материалдық болмысын қалыптастыра алады.

Бүгінгі күнге дейін келіп жеткен қазақ салт-дәстүрлерінен өнегелік қасиеттер, ғұрпы, әдет, жөн, жоралғы т.б. қазақ халқының асқан даналығы мен ғажайып зердесі, ақыл-парасаты анық көрінеді. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханұлы былай деп жазады: “Далалық орданың тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр...” [3].

Олай болса, қазақтың ақыл-ой дамуының деңгейін көрсететін, болмысының өзіндік бейнесі болатын рухани жеңіл материалдық мұраны өзіне біріктіре алған қазақ салт-дәстүрлерінің ұлттық дүниетаным қалыптастыруда, ұрпақты тәрбиелеуде атқаратын қызметі зор екендігі даусыз.

Қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлерін топтауға болады. Кейбір авторлар, (С.Қалиев және т.б.) оларды үш үлкен топқа бөледі:

- бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер;

- тұрмыс салт-дәстүрлері;

- әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер[4].

Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойы т.б.) бастап қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы-жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді.

Ал тұрмыс-салт дәстүрлеріне қазақтың киіз үйі, киіз үйдің жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, мал бағу, егіншілік, аңшылық, балықшылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді.

Сондай-ақ әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл адамдарының туыстық қарым-қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық музыка аспаптары, қонақ күту, өлікті жөнелту рәсімдері, әдет-ғұрыптары жатады.

Қазақтың тұрмыс-салт дәстүрлеріне: зергерлік өнер, дастархан мәзірі, төрт түлік малды бағу, аң аулау кіреді.

Әлеуметтік – мәдени салт-дәстүрлер мынандай іс-әрекет түрлерімен ерекшеленеді. Әлеуметтік – мәдени салт-дәстүрлер қоғамдық сана, қоғамдық болмыспен тығыз байланысты, бір-біріне зор әсерін тигізеді. Әлеуметтік –мәдени салт дәстүрлерге: шешендік өнер, қазақтың музыкалық аспаптары, үй болуға байланысты салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, қонақ күту, мейрамдар, жерлеу және ас беру рәсімдері жатады.

Философия ғылымының докторы, профессор Н.Сәрсенбаев өзінің “әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір” атты еңбегінде әдет-ғұрып, дәстүрдің қоғамдық өмірден алатын орнына, атқаратын қызметіне философиялық тұрғыдан талдау жасап: “Дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен қоғамнан қалған озық түрлері мен тұрмыстық формалары, ырым-жоралары, рәсімдер жиынтығы кіреді”, - дейді.

Дәстүр – тарихи тұрақтанған, қоғамдық қарым-қатынастың нормада бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғасып жататын, көпшілік қоғам мүшелеріне ортақ әдет-ғұрыптардың жинақталған түрі.

Әдет-ғұрып – рәсім арқылы көрсетілетін әрекет, қимыл. Ол да көпшілікке ортақ іс-әрекеттен көрініс береді. Ал жол-жоралар, ырымдар - Әдет-ғұрыптың бөлшектері, сонан келіп салт пен дәстүр тоғысып туындайды.


Жалпы, ырым, рәсімдер, жол-жоралар салттың құрамдас бөлшектері болып саналады да, дәстүр осылардың сұрыпталып, өмір өткелінен өтіп, тұрмыста орын алған синтездік формасы демекпіз. Ал әдет-ғұрыпқа салттың синонимі деп қарау керек.

Салт-дәстүрлер бір жағынан халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланыста туған этнографиялық құбылыс болып саналса, екінші жағынан ұрпақ тәрбиесінің ритуалы болып саналады.

Қазақтың салт-дәстүрлерінің құрылымына келетін болсақ. Салт пен дәстүр ең негізгі басты бөлігі болып табылады. Соның ішінде, салтқа: ырым, жол-жора, кәделер кіреді. Олардың өзі: баланы күтумен байланысты, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, өлікті жөнелту, ұлттық тағамдар дайындаумен, қонақ күтумен, көшіп-қонумен байланысты.

Осы құрылымдарын негізге ала отырып, қазақ салт-дәстүрлерінің құрылымының схемасы шығады.

#### Қазақтың салт-дәстүрлерінің құрылым



Сурет 1. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау мынандай қорытынды жасауға септігін тигізді:

1. Салт-дәстүр – көп қырлы қоғамдық құбылыс, ол әдетте жеке адам мен халық адам мен адамзаттың рухани дамуын көрсететін әлеуметтік - мәдени жетістік ретінде көрінеді. Салт-дәстүр өз дәуірінің айнасы.

Салт-дәстүрдің мәніне қарап, қоғамдық – экономикалық формацияның саяси, тарихи және рухани өмірін анықтауға, бағалауға болады.

2. Салт-дәстүрлердің түрлері өте көп: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс салт-дәстүрлер, мәдени-әлеуметтік, жаңа салт-дәстүрлер т.б. салт-дәстүр тіл мен сана секілді тек адамға ғана тән. Олардың негізгілері көпшіліктің қатысуымен өткізіледі.

3. Салт-дәстүрлер жеке адамға қатысты немесе көпшілікке қатысты болып келеді.

4. Салт-дәстүрлердің мынандай негізгі сипатына қарап ерекшеленеді.

1) олардың сонау көне заманнан күні бүгінге дейін эстафета түрінде жалғасуы.

2) салт-дәстүрлердің өмірдің заңды ритмикалық құбылыстармен байланысты: табиғат, уақыт, тарих көші, яғни салт-дәстүрлердің тұрақтылығы және мазмұны мен түрінің өзгерісі.

3) Салт-дәстүрді өз игілігі деп түсінетін топтың қоғамдастықтың ұжымдық сипаты.

4) Салт-дәстүрдің мәдени бағалылығын сақтап, қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуі.

Салт-дәстүр дегеніміз – ұжымдық символдық іс-қимыл, адамдардың көңіл қошының көрінісі, оларды ұжымға тартудың бір түрі, белгілі идеялар мен ойын-сауықтарды символдық түрде ұсыну.

Қорытындылай келе, қазақ салт-дәстүрлері бүгінгі күнде арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе екендігіне көз жеткіземіз. Ол үшін мынандай міндеттерді шешу қажеттігі туып отыр.

1. Салт-дәстүрлердің тарихын зерттеу, олардың халық педагогикасындағы алатын орнын анықтау.

2. Салт-дәстүрлердің тәрбиелік мән-мазмұнын зерттеу, ұлттық тәрбие берудегі қазіргі мектептерде оқу-тәрбие процесіндегі пайдалану жолдарын көрсету.

Сонымен бірге “дәстүрдің озығы бар, дәурені жеткен тозығы бар” дегендей, “жылтырағанның бәрі алтын емес”. Қазіргі заман талабына тура келмейтін, мән-мағынасы өзгерген, ескірген салт-дәстүрлердің кейбіреулеріне сын көзімен қарап, тәлімдік мәнін жоймаған салт-дәстүрлерді бүгінгі талғамы мен пікірі жоғары жастардың кәдесіне жарату қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақ совет энциклопедиясы. –Алматы., 1976,1978. 9-3томдар, 626-622бб.

2. Тілеуова С., Әліпбек А. Этнопедагогика. –Шымкент., 2004. 187б.

3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. -Алматы, «Ғылым», 1999.210б.

4. Қалиұлы С., Оразаев М., Смайылов М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. –Алматы., 1994. 195б.